ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 29 қаңтар № 7119-23-00-2/315 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «№27 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

«Әбілхан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Сымбат Азаматқызы Әбілхан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№27 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Әбілхан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Сымбат Азаматқызы Әбілханды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Әбілхан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Сымбат Азаматқызы Әбілхан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Әбілхан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Сымбат Азаматқызы Әбілханнан мемлекет пайдасына 1 870 (бір мың сегіз жүз жетпіс) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 29.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Искалиева А. С., 10.03.2024

7119-23-3-1/16020

Жауапкер «Әбілхан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Сымбат Азаматқызы Әбілханнан мемлекет пайдасына 1 781 (бір мың жеті жүз сексен бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 29.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Искалиева А. С., 10.03.2024

7119-23-3-1/16020